

**Тағамға биологиялық белсенді қоспаның  
қолданылуы жөніндегі нұсқаулығы**

**Ферсинол-Z  
Fersinol - Z**

**Саудалық атауы**  
Ферсинол-Z

**Халықаралық патенттелмеген атауы**  
Жоқ

**Түрі**  
Желатинді капсулалар

**Құрамы**

Бір капсуланың құрамында:

<i>белсенді заттар:</i> аскорбин қышқылы (С витамині)	50 мг,
темір	46,82 мг
мырыш (сульфат түрінде)	25 мг.
никотинамид (витамин РР)	10 мг
тиамин мононитраты (В1 витамині)	2 мг
рибофлавин (витамин В2)	2 мг
пиридоксин гидрохлориді (витамин В6)	1 мг
фолий қышқылы (В9 витамині)	0.5 мг,

*Қосымша заттар:* жүгері крахмалы, таңартылған тальк, каолин, сахароза, кальций сульфаты, титан диоксиді, этилцеллюлоза, повидон, глицерин моностеараты, ара балының балауызы, темірдің қызыю оксиді (E172), желатин.

Капсула қабығының құрамы : титан диоксиді, темірдің қара оксиді, желатин, эритрозин, индиготин.

**Қолданылуы**

- теміртапшылықты анемияның алдын алуға
- темірдің жасырын тапшылығында
- әртүрлі әсерлерден (хирургиялық араласымдар, иондаушы сәулелер, ұзаққа созылған гемодиализ және басқалар) болған анемияда
- жүктілік және лактация кезеңіндегі теміртапшылықты анемияда
- гипо- и авитаминоздарда.

**Қолдануға болмайтын жағдайлар**

Препарат компоненттеріне асқын сезімталдықта, темір тапшылығынан болған анемияда (апластикалық, гемолитикалық, сидерохрестикалық,

корғасын анемиясы, В12 витамині немесе фолий қышқылының оқшау тапшылығынан болған мегалобласты анемия), гемосидерозда, гемохроматозда, бауыр қызметінің жеткіліксіздігінде.

### **Жағымсыз әсерлері**

- іш қатулар немесе іш өту, жүректің айнуы, гастралгия  
- сирек – экзематозды құбылыстар, есекжем.

### **Айрықша нұсқаулар**

Темірдің сіңуінің төмендеуіне жол бермеу үшін капсуланы қара шаймен, кофемен, сүтпен ішпеу керек. Нәжістің қара түске боялуы қалған темірдің шығуымен байланысты және клиникалық маңызы жоқ.  
*Автомобильді және басқадай механизмдерді басқару қабілетіне ықпал етуі*

Препарат емделушінің психофизикалық жағдайын өзгертпейді, автокөлікті басқару және механизмдермен жұмыс жасау қабілетін бұзбайды.

### **Дәрілермен өзара әрекеттесуі**

Органикалық қышқылдар, кальций тұздары, фосфаттар, фитин, холестирамин, сондай-ақ құрамында алюминий, магний, кальций бар антацидті препараттар ерімейтін жиынтық тұзу салдарынан темірдің сіңуін бұзады. Құрамында ұйқы безінің ферменттері бар препараттар темірдің сіңуін азайтуы мүмкін. Фенобарбиталды, карбамазепинді, вальпроатты, сульфасалазинді, гормональды контрацептивтерді, фолий қышқылының антагонистерін, триметопримді, пириметаминді және триамтеронды бір мезгілде қолданған кезде фолий қышқылының биожетімділігі төмендейді. Тетрациклин тобының антибиотиктерімен, сондай-ақ пенициллинмен бір мезгілде тағайындаған кезде темірдің сіңуін азайтатын және антибиотиктердің микробтарға қарсы белсенділігін төмендететін кешенді қосылыстар түзіледі.

### **Қолдану тәсілдері және дозасы**

Препаратты тамақтану кезінде немесе тамақтанудан соң ішке тікелей қабылдайды.

Темір тапшылықты анемиясы бар науқастарға 1-2 капсуладан күніне 2 рет, орта есеппен алғанда 2-3 ай бойы (анемияның ауырлығына байланысты) тағайындайды.

Темірдің жасырын тапшылығында 1-2 капсуладан күніне 1 рет 3-4 апта бойы.

Жүкті әйелдерге, жүктілігінің 14-аптасынан бастап, босанғанға дейін апталық үзіліс жасап, 2 апта бойы 1 капсуладан күніне 1 рет Лактация кезеңінде күніне 1 капсуладан. Қабылдау ұзақтығын темірдің

плазмадағы мөлшерін бақылай отырып, әр адамға жекелей белгілейді. Темір жеткіліксіздігінің айқын клиникалық біліністерінде қабылдау ұзақтығы 3-6 айды құрайды. Гемоглобиннің көрсеткіштері қалыпқа келген кезде қабылдауды организмде темір қоры қаныққанша тағы да 2 айға жуық жалғастырған жөн. Медициналық жасанды түсік алдында күніне 1-2 капсуладан 10 күн бойы.

Жоспарлы операция алдында күніне 1-2 капсуладан 2-3 апта бойы. Етеккір кезеңінде: етеккір басталардан 2 күн бұрын 1 капсуладан, бүкіл цикл бойы және ол аяқталғаннан кейін 2 күн. Препаратты қолданудың жалпы ұзақтығы, етеккір күндерін қоса есептегенде, 10 күннен аспауға тиіс.

Гипо – және авитаминозда препаратты күніне 1-2 капсуладан қабылдау керек. Алдын алу және емдеу курсы – 10 күн.

### **Шығарылу түрі**

30 қатты капсула мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қолданылуы жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон пәшкеге салынған.

### **Сақтау шарттары**

25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.  
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### **Сақтау мерзімі**

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

### **Дәріханалардан босатылу шарттары**

Рецептсіз

### **Өндіруші**

«СЕДИКО Фармасьютикал Ко.»

Алғашқы өндірістік аймақ, Сикс ов Октобер Сити, Египет.

Мыналар үшін

«Уорлд Медицин», Ұлыбритания

*Тұтынушылардан өнім (тауар) сапасы туралы түскен шағымдарды Қазақстан Республикасы аумағында қабылдайтын ұйымның атауы және мекен-жайы:*

ҚР, Алматы қ-сы, Сүйінбай к-сі 222 Б

Тел/факс: 8(7272) 529090

[www.worldmedicine.kz](http://www.worldmedicine.kz)

Дәрілік зат болып саналмайды.

